

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 қыркүйектегі N 1091 қаулысына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 3 ақпандағы N 73 қаулысының күші жойылған деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 19 ақпандағы N 120. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.09.02. N 925 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1998 жылдың 6 қыркүйегінен бастап "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 қыркүйектегі N 1091 қаулысының қолданылуы қайта басталсын.

2. "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 6 қыркүйектегі N 1091 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

- 1 және 4-тармақтардың бірінші абзацы алынып тасталсын;
- 2, 3 және 5-тармақтар тиісінше 1, 2 және 3-тармақтар болып есептелсін.

3 . < * >

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.10.10. N 1104 қаулысымен

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 маусымдағы N 922 қаулысына өзгеріс енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 қыркүйектегі N 1091 қаулысының күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 3 ақпандағы N 73 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*